

**"Қазақстан Республикасының Үкіметі жанынан Стратегиялық объектілер жөнінде комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 23 қарашадағы № 1125 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы № 135 қаулысы Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1173 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2015 N 1173 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасының Үкіметі жанынан Стратегиялық объектілер жөнінде комиссия құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 23 қарашадағы № 1125 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:  
кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы Заңының 13-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:»;**  
көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Стратегиялық объектілер жөніндегі комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Ә б і ш Самат Сатыбалдыұлы	–	Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасы орынбасары
Б а й м о л д и н а Зәуреш Хамитқызы	–	Қазақстан Республикасы Әділет министрінің орынбасары
М ы р з а ғ а л и е в Мағзұм Маратұлы	–	Қазақстан Республикасының Мұнай және газ вице-министрі;
И м а н ғ а л и е в Есенғазы Нұртөлеуұлы	–	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі;

**мына:**

« С а ғ ы н т а е в Бақытжан Әбдірұлы	–	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Қазақстан Республикасының Өңірлік даму министрі, төраға»
--	---	---

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

« С а ғ ы н т а е в Бақытжан Әбдірұлы	–	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары, тө
--	---	---

көрсетілген құрамнан Берік Зиябекұлы Толымбаев, Дулат Рашидұлы Құсдәулетов, Ғұсман Кәрімұлы Әмірин, Мұрат Абдуламیتұлы ӘбенOV  
ш ы ғ а р ы л с ы н .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан Республикасының  
С. Ахметов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК